

«Бекітемін»
 Қазақстан Республикасы
 Білім және ғылым
 вице-министрі
 Б.А. Асылова
 «17» 03 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
 «Геометрия» пәнінен 9-сыныпқа арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: 9-сынып оқушыларының Геометрия пәні бойынша дайындық деңгейі мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасқандығын бағалау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 20, екінші деңгейде – 12, үшінші деңгейде – 8 тапсырма.

Геометрия пәні бойынша тест тапсырмалары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасына сай құрастырылған.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
08	Планиметрия	01	Нүкте. Түзу. Бұрыш. Үшбұрыштар: үшбұрыштардың түрлері, қабырғалар мен бұрыштардың арасындағы қатыстар, сыртқы бұрыш, теңдік және ұқсастық, тамаша нүктелер	01	Нүкте. Түзу. Бұрыш. Үшбұрыш. Биіктік, медиана, биссектриса, үшбұрыштың тамаша нүктелері
				02	Теңқабырғалы үшбұрыш
				03	Теңбүйірлі үшбұрыш
				04	Тікбұрышы үшбұрыш
				05	Үшбұрыштардың ұқсастығы, үшбұрыштардың теңдігі, үшбұрыштың элементтерін табу
				06	Үшбұрыштарға берілген аралас есептер
		02	Төртбұрыштар: параллелограмм, тіктөртбұрыш, ромб, квадрат, трапеция	01	Параллелограмм, оның қасиеттері
				02	Тіктөртбұрыш, оның қасиеттері
				03	Ромб, оның қасиеттері
				04	Квадрат, оның қасиеттері
				05	Трапеция және оның қасиеттері
				06	Төртбұрыштарға берілген аралас есептер
		03	Шеңбер: центр, хорда, диаметр және радиус. Іштей сызылған бұрыш. Центрлік бұрыш. Шеңбердің ұзындығы және доғаның ұзындығы	01	Шеңбердің элементтерін табуға берілген есептер
				02	Шеңберге іштей сызылған бұрыштарға берілген есептер. Центрлік бұрыш.
				03	Шеңбер ұзындығы, доғаның және хordаның ұзындығы
				04	Формулаларды қолдануға берілген аралас есептер
		04	Аудандарды есептеу: үшбұрыштың, тіктөртбұрыштың, параллелограмның, ромбтың, квадраттың, трапецияның.	01	Тікбұрышы үшбұрыштың ауданы
				02	Теңқабырғалы үшбұрыштың ауданы
				03	Кез келген үшбұрыштың ауданы
				04	Төртбұрыштардың аудандары.
05	Формулаларды қолдануға берілген аралас есептер				

			Дөңгелектің, сектордың және сегменттің аудандары	06	Дөңгелектің және оның бөліктерінің аудандары.
				07	Дөңгелектің ауданына және жазық фигуралардың аудандарына берілген аралас есептер
		05	Дөңес көпбұрыштар. Дұрыс көпбұрыштар	01	Дөңес көпбұрыштар. Дұрыс көпбұрыштар
				02	Шеңберге іштей және сырттай сызылған көпбұрыштар
				03	Аралас есептер
		06	Теоремаларды қолдану: Пифагор, косинустар, синустар теоремалары	01	Пифагор теоремасымен шығарылатын есептер
				02	Синустар теоремасымен шығарылатын есептер
				03	Косинустар теоремасымен шығарылатын есептер
				04	Аралас есептер
		07	Векторларға амалдар қолдану	01	Векторларды қосу және азайту, вектордың ұзындығы, вектордың координаттары
				02	Векторды санға көбейту, векторлардың коллинеарлығы
		08	Векторлардың скаляр көбейтіндісі	01	Векторлар арасындағы бұрыш және оның косинусын есептеу
				02	Векторлардың скаляр көбейтіндісі
				03	Аралас есептер
		09	Планиметрия есептерінде векторларды және координаттар әдісін қолдану	01	Векторларды планиметрия есептерінде қолдану. Кесіндінің ұзындығы, кесіндіні берілген қатынаста бөлу. Кесіндінің ортасы. Түзудің теңдеуі. Шеңбердің теңдеуі.
14	Функционалды қ сауаттылық	01	Функционалдық сауаттылық	01	Қолдануға арналған тапсырмалар
				02	Анализге арналған тапсырмалар
				03	Синтезге арналған тапсырмалар
04	Контекст негізіндегі тапсырмалар	01	Контекст негізіндегі тапсырмалар	01	Контекст негізіндегі тапсырмалар

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Оқу бағдарламасы бойынша оқушылар Геометрия курсынан меңгеруі тиіс:

Планиметрия: Жай фигуралардың негізгі қасиеттерін пайдалана отырып, олардың әртүрлі элементтерін, ауданын таба білу, Пифагор теоремасын қолдана білуі, векторлар және координаттар әдісін қолдана білуі.

4. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 25 тапсырмадан және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 15 тапсырмадан тұрады. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Дұрыс орындалған бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 55.

6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 9-сыныптарында апробациядан өтеді.